

Нұр – Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университеті
Ислам ілімдері факультеті
Дінтану кафедрасы

Тақырып 6 . Білім, ғылым, техника және технологиялар

Мақсат: Адамның әлемге танымдық қарым-қатынасының ерекшелігі.

Дәріс тезистері:

1. Білім беру философиясы
2. Практика түсінігі

Білім беру сферасының болашақтағы алар орны мен атқарар қызметінің шексіз екендігі ол заңдылық. Нақтырақ айтар болсақ болашақтағы әрбір адамның тұлғалық қасиетінің анықталуы, оның білімділігі, тапқырлығы, ақылдылығы, дүниеге деген көзқарасы мен адамгершілігі осы тиімді білім берудің негізінде сомдалады, демек қоғамның эконмикалық, руханилық потенциалы, жалпы тұтас өркениет осыған келіп тіреледі. Бүгінгі ХХ ғасырдағы туындап отырған ғаламдық тенденцияларды анализдеу өзекті және маңызды мәселеге айналып, олардың болашақтағы адамзат өркениетінен келіп туындайтын алапат жағдайларына қарсы тұруға шақырады. Бұл жан айқай білім беру сферасынан тікелей орын алып, қоғамда, әлеуметтік ортада білім беру сферасын нақтылап, оның болашақтағы атқару қызметін айқындай түседі.

Тұлғаның және барлық адамзат қауымдастығының рухани дүниесінің, адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына тікелей байланысы бар біршама технологиялық сфераларды бір арнаға түсіруге тура келеді, дегенмен білім беру сферасы өзінің басты интегративтік қызметін, яғни рухани біртұтастық пен адамдардың бір бірін түсінудегі қабілеттерін әлі күнге дейін арттыра алмауда. Ол өзінің болашақтағы біршама маңызды дүниелерді болжаудағы, мәдени білімділікті және діли ұқсастықты ұсынуудағы міндетін атқаралмайынша өткір мәселелер өз шешімін таппай оның әртүрлі сфераларында сол күйінде қала бермек.

ХХ ғасырдағы ғылым мен техниканың таң қалдырар айқын жетістіктерінің дәмін татқандар, білім беру сферасын әлемнің түкпір түкпіріне тез арада жеткізуге мүмкіндік тауып, технократтық бағыттағы білімге, тапқырлыққа және соған дағдылануға алып келді. Өзінің осы міндетін білім беру саласы мүмкіндігінше табысты атқаруда. Дәл осы бағытта ұстаздар өз мүмкіндігін көрсетуі тиіс, методикалық өңделген материалдар, әр түрлі жаңа компьютерлік құралдар мен ақпараттық техникалар және т.б. психологиялық оқытушылық позициялары әрдайым айтарлықтай анықталмаса да осы міндеттер ұстаздарға жүктелген. Адамдарды қоршаған материалдық және рухани дүниелердің тұтас бейнесі жас ұрпақтарды қалыптастыруда, олардың әрбірінің ұғыну қабілетіне тән тұтас адами қауымдастық, рухани, мәдени, ізгілік құндылықтарының ұрпақтан ұрпаққа берілуі, олардағы ұлттық және жалпы адамзаттық

түсініктері, тәрбиелік, гуманитарлық білімдерде негізделіп жүзеге асуда.

Білім берудің философиялық статусын анықтау өте қиынға соғады. Бүгінгі таңда білім берудің философиялық статусын анықтауда үш негізгі тәсіл нақты түрде ұсынылып отыр.

Олардың біріншісі, білім берудің философиясы деп, ерекше қолданбалы философия тұрғысында философияға қатысты білімдердің көп салаларының бірі ретінде таңуы. Бұл тәсіл білім берудің статусымен және оның біршама тұтас бейнеде дамудағы заңдылықтарын негіздеуде жалпы философиялық жағдайды пайдалану толықтай жеткілікті деп санап, осылайша білім берудің көп жоспарлы қызметтеріне жүйелі, мақсатты аспектілерін ұсынады. Осыдан келіп, білім берудің философиясы жалпы философиялық доктриналарды(позитивизм, антипозитивизм, эмпиризм, релятивизм, реализм, постмодернизм, экзистенциализм, прагматизм, неотомизм, персонализм және т.б.) «айналып өтуге» тура келеді, немесе оқытушылықпен түйісуге алып келеді(оқытушылық методологиясымен), яғни олардың өзіндік болмысының ішкі мәніне үнілу арқасында.

Білім берудің философиялық статусының үшінші тәсілі алдыңғы екеуінен түбірімен өзгешерек келеді. Оның негізінде –білім беру философиясының қалыптасуындағы дедуктивтік және индуктивтік логиканың үйлесімділігі пән аралық ғылым салаларының толықтырушысы ретінде орын алады.

Білім берудің құндылық сипаттарын бір бірімен байланыстағы үш негізде ұсынуға болады: білім беру бұл мемлекеттік құндылық ретінде; білім беру бұл қоғамқұндылығы ретінде; білім беру бұл тұлға құндылығы ретінде.

Қоғам мен мемлекет ұғымдары бір біріне ұқсас емес, ал олардың арасындағы өзара қатынастар өте күрделі болып келеді. Білім берудің дамуы барысында мемлекет пен қоғам ұмтылыстары әрдайым сәйкес келебермейді. Мемлекет аясында білім берудің беделі алда тұрғанымен, яғни қоғам денгейінде де, мемлекет амалсыздықтан берген уәдесін орындағандай білім берудің даму қарқынына ат салысады. Қоғамның шындалуының анықталу мәні, білім берудің беделінің мемлекеттік сатыдан қаншалықты көрінуінен. Ғылыми – техникалық революция ұғымы ғылым мен техникада пайда болған сапалық өзгерістерді білдіреді. Оның басталуы ХХ ғасырдың 40 жылдарына сай келеді.

Ғылыми – техникалық революция еңбектің сипатын мағынасын, өндіргіш күштердің құрылымын, қоғамның кәсіптік және салалық құрылымын өзгертеді, еңбектің өнімділігін арттырады, қоғамның барлық жағына әсер етеді.

Ғылыми – техникалық революцияның қазіргі дамуының мынадай маңызды ерекшеліктері бар:

1. ғылым тікелей өндірістік күшке айналды;
2. ғылым қоғам дамуының негізгі факторы ретінде жаңа еңбек бөлісінің қалыптасуына ықпал етті;
3. өндірістік күштердің барлық элементтері – еңбек нысаны, өндіріс құралы және жұмысшының өзі де үлкен сапалық өзгерістерге ұшырады;

4. еңбектің сипаты мен мағынасы өзгерді, онда шығармашылық бастаудың маңызы жоғарылады;
5. қарапайым қол еңбегі механикаландырылған басқарумен алмастырылды;
6. жаңа энергия көздері мен жасанды материалдар пайда болды;
7. бұқаралық коммуникация үлкен көлемде дамып, ақпараттық іс - әрекеттің әлеуметтік және экономикалық маңызы артты;
8. халықтың жалпы және арнайы білімі мен мәдениеттің деңгейі өсті;
9. бос уақыт көбейді;
10. ғылымдардың өзара байланысы көбейді, күрделі мәселелердің кешенді зерттелуі және әлеуметтік ғылымдардың рөлі арта түсті.

Қазіргі қоғамда ғылыми – ақпараттық технологиялар өмірге жан – жақты еніп, энергетикалық, шикізаттық, транспорттық және басқа да шығындардың редукциясы ұдайы болып отырады.

Табиғатқа, қоршаған ортаға деген қатынас өзгеріске ұшырады. Білімді өндіру үлкен қарқынға ие болды. Қазір кім ақпаратты тез алып, оны уақытында пайдаланады, сол әлемді билейді.

Ғылым мен техниканың дамуы бұрын – соңды болмаған жаңа қайшылықтарды туындатады.

4) Көрнекілік материал: Презентация, Схемелар, таблицалар, слайттар.

5) Әдебиет:

1. Алтаев Ж. А. Ғылым тарихы мен философиясы: оқулық . 2011. - 468 бет.
2. Барбара Маккиннон, Эндрю Фиала. Этика Ұлттық аударма бюросы, 2020 ж. - 868 бет
3. Ғарифолла Есім «Қазақ философиясының тарихы» – Алматы, 2006.
4. Ғарифолла Есім «Адам-зат» – Астана, 2008.
5. Ғарифолла Есім Қазақ философиясының тарихы Алматы, 2016г
6. Мырзалы С. Философия: оқулық . 2011. - 672 бет.

6) Бақылау сұрақтары:

1. Білім және таным. Білім мен сенім.
2. Білім құрылымы.
3. Қазіргі ғылыми – техникалық революцияның мәні
4. Қазіргі – техникалық революцияның әлеуметтік салдары